

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалының Ақтөбе қалалық тіркеу және жер кадастры бөлімі  
**ЗАҢДЫ ТҮЛГАНҮ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ** 2020 ж. «17» 06 жоргізлді  
БСН 990240003974  
№ 2886-1904-КАО-МК  
Басталғы тіркеу күні 1998 ж. «17» 06

Ақтөбе облысы  
әкімдігінің қаулысымен  
«БЕКІТІЛДІ»  
11. 12. 2020 ж. № 448

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалының Ақтөбе қалалық тіркеу және жер кадастры бөлімі  
**ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫҒУЛАР**  
2020 ж. «17» 06  
БСН 990240003974  
№ 2886-1904-КАО-МК  
Басталғы тіркеу күні 1998 ж. «17» 06

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жанындағы «Балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорнының ЖАРҒЫСЫ**

Ақтөбе қаласы  
2020 жыл

## Бап 1. Жалпы ережелер

1.1. «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жанындағы «Балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорыны білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білім беретін (№319 – III 27.07.2007 жылғы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 3 –бап 38 тармағы) білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын қосымша білім берудің мектептен тыс мекемесі болып есептеледі және мемлекеттік мекемелер тізіміне негізілген, сонымен қатар бірыңғай білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Жарғы 27.12.94 ж. Азаматтық Кодекске (13.02.2009 ж. жағдайы бойынша өзгерістер мен толықтыруларымен), №319 – III 27.07.2007 жылғы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына (04.12.2015 ж. жағдайы бойынша өзгерістер мен толықтыруларымен), №413 – IV 01.03.2011 ж. ҚР-ның «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына, №414 – V 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне, №293 – VI 27.12.2019 ж. «Педагог мәртебесі туралы» ҚР-ның Заңына, №595 30.10.2018 ж. ҚР-ның Білім және Ғылым Министрі бұйрығымен бекітілген Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларына, ҚР-ның Білім мен ғылым министрінің №219 бұйрығы 2020 жылғы 22 мамырдағы «Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына және ҚР-сы Үкіметінің басқа да қолданыстағы қаулыларына, білім беру саласындағы ҚР-ның орталық орындаушы органдары, жергілікті орындаушы органдары және білім беру басқармасының жергілікті органдарының бұйрықтары мен қаулыларына сәйкес құрастырылған.

1.2. «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жанындағы «Балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорыны (әрі қарай – «Кәсіпорын») орналасқан жері: 030006, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Б.Алтынсарин көшесі, 24 үйі.

1.3. Кәсіпорынның мемлекеттік тілдегі толық атауы - «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жанындағы «Балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорыны;

кәсіпорын атауының мемлекеттік тілдегі қысқартылған түрі – МҚҚК «Балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығы».

Кәсіпорынның орыс тіліндегі толық атауы – государственное казенное коммунальное предприятие «Центр детского и юношеского творчества» при государственном учреждении «Отдел образования города Актобе».

кәсіпорын атауының орыс тіліндегі қысқартылған түрі – ГККП «Центр детского и юношеского творчества» при ГУ «Отдел образования города Актобе».

Мемлекет мүлкін жедел басқару құқығына ие кәсіпорын заңды тұлға болып есептеледі.

Кәсіпорынның дербес балансы, банк мекемелерінде есеп айырысу және басқа да шоттары, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасы мен фирмалық атауы белгіленген мөрі, бұрыштамасы, фирмалық бланкілері бар.

1.4. Ақтөбе облысының әкімдігі кәсіпорынның құрылтайшысы болып табылады, (әрі қарай – «Құрылтайшы»).

1.5. Құрылтайшының құзыреттілігіне жатады:

- 1) Кәсіпорынды құру, қайта құру, тарату;
- 2) Жарғыны бекіту, өзгерті, толықтыру;
- 3) Кәсіпорын қызметінің мақсаты мен қызмет түрлерін анықтауға;
- 4) Білім туралы Заңда қарастырылмаған және үлгілік қағидаларға сәйкес оқуға қабылдау тәртібін бекітуге;
- 5) кәсіпорын қызметін қажетті материалдық – техникалық және басқа да жағдайлармен қамтамасыз етуге;
- 6) кәсіпорын балансында бар нысандардағы құрылыс және күрделі жөндеу сұрақтарын үйлестіру;
- 7) кәсіпорын қызметкерлерін әлеуметтік қорғау және қолдауды қамтамасыз ету.

1.6. «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі кәсіпорынның білім беру саласындағы мемлекеттік басқару уәкілетті органы болып табылады (әрі қарай «Мемлекеттік басқару органы»).

1.7. Мемлекеттік басқару органы құзыреттілігіне жатады:

- 1) білім беру саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;
- 2) бюджеттік қаражат есебінен қаржыландыруды белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асыру;
- 3) кәсіпорынды үйлестіру және әдістемелік жетекшілік етуді жүзеге асыру;
- 4) білім беру бағдарламаларын бекіту;
- 5) білім беру қызметтерін көрсетуінің үлгілік келісім шарттары түрлерін бекіту;
- 6) Кәсіпорынның бірінші басшысы (директор) қызметіне тағайындау;

- 7) педагогикалық қызметкерлерді аттестаттаудан өткізу және оларға біліктілік санаттарын тағайындау;
  - 8) білім беру саласында конституциялық құқық пен бостандықты сақтауды қамтамасыз ету;
  - 9) Қазақстан Республикасы Заңнамасы мен білім саласындағы нормативтік құқықтық актілердің, сонымен қатар бюджет және қаражат тәртібінің орындалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру.
- 1.8. Кәсіпорынның уәкілетті органы болып «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай - «Уәкілетті орган») табылады.
  - 1.9. Уәкілетті орган құзыреттілігі осы органның ережесімен және Осы Жарғымен анықталады.
  - 1.10. Кәсіпорын құзыреттілігіне жатады:
    - 1) білім беру үрдісінің білім алушыларына және басқа да қатысушыларына арналған ереже, ішкі тәртіп ережесін құрастыру және бекіту;
    - 2) білім беру бағдарламаларын және жұмыс жоспарларын құрастыру және бекіту;
    - 3) білім алушылар құрамын қалыптастыру;
    - 4) білім беру – тәрбиелеу үрдісін әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыру және жетілдіру;
    - 5) білім алушылардың аралық және қорытынды аттестациясына ағымдағы бақылауды жүргізу;
    - 6) білім беру ұйымын басқару құрылымын бекіту, лауазымдық міндеттерді бөлу;
    - 7) республикалық нормативтік құқықтық актілермен бекітілген өз қаражаттары көлемінде қызметкерлердің лауазымдық төлемақылары мен еңбекақы бірліктерін белгілеу;
    - 8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен бекітілген лауазымдық төлемақыларға қосымша төлемақылар мен үстемақыларды, сыйақылардың көлемі мен тәртібін белгілеу;
    - 9) Нормативтік талаптарға сәйкес материалдық – техникалық қамтамасыз ету, жабдықтау және құралдандыру;
    - 10) қызметті жүзеге асыру үшін қосымша қаражат және материалдық құралдар көзін тарту;
    - 11) педагогикалық бірлестіктер қызметіне жәрдемдесу;
    - 12) қаражат пен материалдық ресурстардың түсуі мен жұмсалуды туралы мемлекеттік басқару Органына есеп беру.

### 1.11. Кәсіпорынның басты міндеттері:

- 1) қала және облыс балалары мен жасөспірімдерінің тұлғалық қалыптасуы мен дамуы, кәсіби өз тағдырын шешу, шығармашылық еңбегін дамытуға бағытталған қосымша білім беруге қажетті жағдайларды жасау, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық, ғылым мен мәдениет негізінде олардың қабілеттерін жүзеге асыру, балалардың қоғамдағы өмірге бейімдеу;
- 2) қосымша білім беру бойынша, балалар қоғамдық бірлестіктері бойынша, қаланың қосымша білім беретін педагогтарының кәсіптік шеберлігін жетілдіру бойынша, мәдени – бос уақытты тиімді пайдалану қызметін ұйымдастыру бойынша және қала балаларының музыкалық, техникалық, сәндік – қолданбалы және бейнелеу шығармашылығын дамыту бағдарламаларын жүзеге асыру.

### Бап 2. Қызмет мәні.

#### 2.1. Кәсіпорынның қызметінің мәні болып:

- балалар мен жасөспірімдерді тұлғалық қалыптастыру және дамыту, кәсіби өз тағдырын шешуіне, шығармашылық еңбегіне жағдай жасау, олардың қабілеттерін, ғылыми ізденушілігі мен жобаларын жүзеге асыру;
- білім беру жүйесінде оқушылармен мәдени – бұқаралық жұмыстар (фестиваль, слеттар, конкурстар, концерттер);
- зияткерлік еңбек нәтижелерін жүзеге асыру; білім алушылар мен тәрбиеленушілерге курс, семинар, жиын соңында сертификат, куәлік, диплом, төсбелгілер беру;
- қала және облыс педагогтары, студенттерімен тәжірибе алмасу, жалпылау, үйрену;
- ұйымдастыру, кәсіпорын оқушыларымен жұмыстар әдістемесі мен түрлері сұрақтары бойынша нұсқамалық – әдістемелік нұсқауларды құрастыру және тарату;
- мектеп, студия, үйірме сабақтары үшін бағдарламалар, ережелер, әдістемелік нұсқаулар құрастыру;
- бұқаралық іс – шаралар, көркемдік көрмелер, бұқаралық ақпарат құралдары (баспасөз, радио, теледидар, Интернет және т.б.) арқылы көркемдік – эстетикалық, ғылыми – техникалық, кәсіптік білім алу қызметін насихаттау;

- оқушылармен, студенттермен және білім беру қызметкерлерімен бұқаралық іс – шаралар: жиналыстар, курстар, семинарлар, слеттер, конкурстар, байқаулар, конференциялар, сауалнамалар, кештер көрмелер және т.б., сонымен қатар кадрлар дайындау бойынша курстар өткізу.

### **Бап 3. Қызметті ұйымдастыру.**

- 3.1. Кәсіпорын алдына қойған міндеттерін орындау үшін қазіргі ғылым жетістіктері негізінде білім беру – тәрбиелеу үрдісін жүргізеді.
- 3.2. Кәсіпорын қызметі оқушылар мен тәрбиеленушілердің көркемдік – эстетикалық, ғылыми – техникалық, эколого – биологиялық, кәсіптік білім беру саласы, физикалық жетілуі бойынша шығармашылық және білім беру талаптарын қанағаттандыруға бағытталған.
- 3.3. Кәсіпорында оқушылардың тұлғалық дамуы, денсаулығын нығайтуы, өз бетінше білімін жетілдіруі және шығармашылық еңбегі, кәсіптік өзін табуы, бос уақытын тиімді пайдалану үшін – жеке ерекшеліктерін, мәдени – тарихи және ұлттық дәстүрлерді есепке ала отырып жағдай жасалады.
- 3.4. Осы Жарғыға сәйкес кәсіпорын ақылы негізде қосымша білім беру бағдарламаларын береді.
- 3.5. Кәсіпорын ақысыз білім беру қызметтерінен басқа ақылы іс – шаралар мен мәдени – бос уақытын тиімді пайдалану қызметтерін ұйымдастыруға құқылы.
- 3.6. Кәсіпорын сырттай экономикалық қызметті жүзеге асыра алады.
- 3.7. Кәсіпорын білім беру – тәрбиелеу, мәдени және тағы басқа бірлестіктер, сонымен қатар үйірмелер, студиялар, мектептер, театрлар, орталықтар, клубтар т.б. ұйымдастырады.
- 3.8. Мемлекеттік білім беру қызметін беру үшін төленетін төлемақы суммасы жыл сайын Мемлекеттік басқару органымен келісіледі. Оқу жылы барысында мемлекеттік бюджеттен қаржыландыру азайған жағдайда және бюджет қызметкерлерінің еңбек ақысы көтерілген жағдайда, Кәсіпорын оқыту үшін төленетін төлемақыны көбейту немесе өз шығынын өзі өтеушілікке өту құқығын өзіне қалдырады.
- 3.9. Мүмкіндігі шектеулі балалар, қамқорлықтағы балалар және көп балалы отбасы балаларына Кәсіпорын ұсынатын мемлекеттік білім беру қызметі үшін төленетін төлемақыда жеңілдіктер бар.

### **Бап 4. Білім алушыларды оқуға қабылдау және шығару тәртібі**

- 4.1. Баланы оқуға қабылдаған кезде Кәсіпорын ата – аналарды (басқа да заңды өкілдерді) Жарғымен, «Балаларға қосымша білім беру бойынша

қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты және басқа оқыту – тәрбиелеу үрдісін ұйымдастыруды реттемелеуші құжаттармен таныстырады. Баланы оқуға қабылдау үшін қажетті құжаттар:

- еркін нысандағы өтініш;
- баланың жеке басын куәландыратын құжат;
- № 035-2/У нысаны бойынша медициналық анықтама.

4.2. Үйірмелер мен студияларға қабылдау «Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес еріктілік принципі және оның әрі қарай білім алуына кедергі келтіретін денсаулығына байланысты қарсы көрсетілімі жоқтығы бойынша жүзеге асырылады.

Үйірмелерге қабылдау Кәсіпорынның қосымша білім беру қызметін ұсынуы бойынша екі жақтың құқықтары мен міндеттері ескертілген Келісім шартқа ата – аналардың (басқа да заңды өкілдердің) қол қоюынан кейін жүзеге асырылады.

4.3. Білім алушыларды Кәсіпорыннан шығару төменгі жағдайларда болады:

- а) әрі қарай білім алуына кедергі келтіретін көрсетілімі бар бала денсаулығының жағдайы туралы медициналық қорытындысы болған кезде;
- б) ата – ананың немесе олардың ауыстыратындардың тілегі бойынша;
- в) кәсіпорынның Жарғысы мен білім беру қызметін ұсынуы бойынша келісім шартын жүйелі түрде бұзған жағдайда;

Шығарып жіберу білім беру қызметін көрсету бойынша Келісім шартты бұзу жолымен жүргізіледі.

## **Бап 5. Білім беру үрдісін ұйымдастыру.**

5.1. Кәсіпорын жұмысы еріктілік және өзін – өзі анықтау принциптерінде жүзеге асырылады. Бұған қажетті жағдайды қызмет түрлерін таңдау құқығын қамтамасыз ететін педагогтар туғызады.

5.2. Білім беру үрдісі педагогпен педагогикалық негізде таңдалған оқу жоспарларынан, мемлекеттік және авторлық бағдарламалардан, құралдар, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен түрлерінен құрастырылған және сабақ кестесімен реттеледі.

5.3. Балалар сұраныстарын, ата – аналар талаптарын, өздері тәрбиеленіп отырған ұйымның, регионның қоғамдық – экономикалық дамуы ерекшелігін және ұлттық – мәдени дәстүрін ескере отырып, Кәсіпорын жеке өз қызметінің бағдарламасын құрастырады.

5.4. Кәсіпорынның тәрбие жоспары білім беру бағдарламасының құрамдасы болып, патриотизмді, азаматтықты, интернационализмді, биік мораль мен адамгершілікті, сонымен қатар білім алушылардың түрлі қызығушылықтары мен қабілеттерін қалыптастыруға бағытталуы керек.

5.5. Кәсіпорынның білім беру үрдісінің қатысушылары болып:

- білім алушылар (балалар);
- педагогикалық персонал (қызметкерлер);
- ата – аналар мен оларды ауытырушылар (заңды өкілдер);

5.6. Білім алушылар құқылы:

- мемлекеттік стандартқа сәйкес қосымша білім алуға;
- жеке ерекшеліктері мен қабілеттеріне сәйкес оқу түрлері мен кәсіп түрлерін таңдауға;
- жыл бойына Кәсіпорындағы бірнеше топқа (үйірмеге) қатысуына және оларды ауыстыруға;
- олардың адамгершілігін сыйлауға;
- өз көзқарасы мен пікірін еркін айтуға;
- балалар мен жасөспірімдер ұйымдарына бірлесуге;
- Кәсіпорынды басқаруға қатысуға;
- ауырған және ем алып жатқан кезде орнының сақталуына;
- қолданыстағы заңнамада, Жарғыда, білім беру қызметін көрсету туралы Келісім шартында көрсетілген тағы басқа да құқықтар.

5.7. Білім алушылардың негізгі міндеттері:

- осы Жарғының және білім беру қызметін көрсету туралы Келісім шарт талаптарын, білім алушылардың ішкі еңбек тәртібі ережелерін орындау;
- Кәсіпорын мүлкін сақтау;
- мерекелік, салтанатты және сауықтыру іс – шараларына, облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі конкурстарға, жарыстарға қатысу;
- ынтасымен оқу;
- педагогтардың намысы мен арын, Кәсіпорынның дәстүрлерін құрметтеу;
- қолданыстағы заңнамада, Жарғыда, білім беру қызметін көрсету туралы Келісім шартында көрсетілген басқа да міндеттерді орындау.

5.8. Кәмелетке толмағандардың ата – аналарының (басқа да өкілдері) негізгі құқықтары:

- 1) Кәсіпорынды басқару органы жұмысына қатысу;
- 2) білім беру ұйымынан өз балаларының үлгерімі, тәртібі және оқу жағдайы туралы ақпарат алу;

3) психолого – медико – педагогикалық кеңестерде өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша кеңестік көмек алу.

5.9. Ата – аналардың негізгі міндеттері:

- 1) балалардың өмірі мен оқуы үшін сау және қауіпсіз жағдай жасау, олардың танымдық және физикалық күшінің , адамгершілігінің қалыптасуын қамтамасыз ету;
- 2) Кәсіпорын Жарғысымен бекітілген ережелерді орындау;
- 3) оқу орнының сабақтарына балалардың келуін қамтамасыз ету;
- 4) Кәсіпорын қызметкерлерінің ары мен намысын құрметтеу;
- 5) Кәсіпорын ұйымдастырған іс – шараларға өз баласын дайындауға қатысу;
- 6) тағы басқа қолданыстағы заңнамада және Кәсіпорынмен жасалған келісім шартта көрсетілген.

5.10. Кәсіпорын қызметкерлерінің негізгі міндеттері:

- 1) Кәсіпорынның білім беру Жарғысын және ішкі еңбек тәртібі ережелерін, Кәсіпорынның басқа да жергілікті актіні сақтау;  
- еңбек келісім шарты шарттарын орындау;  
- Кәсіпорын мүлкіне ұқыпты қарау.

5.11. Кәсіпорынның педагогтары мен басқарушы қызметкерлерінің еңбекақылары мен айлықтары олардың біліктілігі мен функционалдық міндеттеріне сәйкес тағайындалады.

5.12. Кәсіпорын қызметкерлерін олардың негізгі қызметіне тән емес функцияларды орындауға тартуға қызметкерлердің өздерінің келісімінсіз рұқсат етілмейді, №414 – V ҚР-ның Заңын 23 қараша 2015 ж. Еңбек кодексінде және Ұжым келісім шартында көрсетілгендерді қоспағанда.

5.13. Білім алушылардың Кәсіпорындағы орны ауырған жағдайда, санитарлық- курорттық және тағы басқа ем қабылдау кезінде сақталады.

5.14. Кәсіпорын 4 пен 18 жас аралығындағы білім алушылардың қосымша білімге қажеттілігін, сонымен қатар олардың ата – аналары мен жеке тұлғалармен келісім шартқа отыру негізінде жүзеге асырады.

5.15. Кәсіпорын білім алушылармен жұмысты бүкіл күнтізбелік жыл бойы қамтамасыз етеді. ҚР-ның білім және ғылым Министрі бұйрығымен бекітілген №228 14.06.2013 ж. «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес оқу жылы 1-ші оқы жылының білім алушыларына 15 қыркүйектен, 2 - ші және одан соңғылар үшін – ағымдағы жылдың 5 қыркүйегінен басталып, барлық білім алушылар үшін келесі жылдың 31 мамырында аяқталады.

Жаз мезгілінде тұрақты және ауыспалы құраммен өз базасында, сонымен қатар тұрғылықты жері бойынша түрлі бірлестіктер, сауықтыру лагерьлерін құра алады.

5.16. Кәсіпорынның жұмыс кестесі 8.00- ден – 20.00 –ге дейін. Жұмыс кестесі білім беру үрдісінің ішкі еңбек тәртібі мен санитарлық – гигиеналық талаптарымен реттеледі.

Сабақ кестесі балалардың еңбек пен демалыс тәртібін, ата – аналар тілектерін, балалардың жас ерекшеліктерін және педагогикалық қызметкерлердің ұсынуы бойынша санитарлық – гигиеналық нормаларды есепке ала отырылып, құрастырылып Кәсіпорын әкімшілігімен бекітіледі.

5.17. Бір жастағы немес әр түрлі жастағы балалар қызығушылықтары бойынша студия, ансамбль, топ, үйірме, театрға (әрі қарай – «топтар») біріктіріледі.Топтар балалардың өздерінің ерікті түрде қалаулары бойынша қалыптасады.

5.18. Бірлестіктегі сабақтар бір не екі кәсіп, сонымен қатар кешенді толассыз бағдарламалар бойынша (эстетика, театр, өнер, музыка, спорт және т.б.) жеке, топтық және бірлестіктің барлық құрамымен өткізіледі. Педагогикалық қызметкерлер мемлекеттік басқару Органы бекітетін авторлық білім беру бағдарламаларын құрастыра алады.

5.19. Үйірмелер, мектеп, студия, білім беру бірлестіктерінде білім алу ұзақтығы 1 жылдан 7 жылға дейінгі мерзімге құрастырылған білім беру бағдарламасының түріне байланысты.

5.20.Өзі таңдаған бағдарлама бойынша толық курсты тәмәмдаған және қорытынды бақылауды (сынақ, тест, т.б.) тапсырған білім алушылар мен тәрбиеленушілер куәлік алады.

5.21. Кәсіпорын басқа білім беру ұйымдарында бірлестіктер құра алады, басқа мекемелер мен кәсіпорындармен өзара араласа алады, заманауи жұмыс түрлерін іздеуді жүзеге асыра алады, қоғамдық – мәнді инициативалар мен қозғалыстарды қолдау. Олардың арасындағы қарым – қатынас келісім шарт арқылы анықталады.

5.22. Білім беру және тәрбиелеу тілі ҚР-ның тіл туралы заңнамасымен және Конституциямен жүзеге асырылады.

## **Бап 6. Білімді бақылау жүйесі**

6.1. Білімді бақылау жүйесі келесі критерийлермен анықталады:

- байқауларға, конкурсарға, жарыстарға, көрелерге, фестивальдерге қатысу, жүлделі орындар алу;
- шығармашылық есептер;
- көшіру және бітіру емтихандары;

- бақылау және шығармашылық жұмыстары.

6.2. Бақылаудың түрі мен өткізу тәртібі кәсіпорынның педагогикалық кеңесімен анықталады.

### **Бап 7. Ақылы қызмет көрсету тізімі мен тәртібі**

7.1. Кәсіпорын Жарғыға сәйкес кіріс әкелетін ақылы білім беру және басқа да қызмет түрлерімен айналыса алады. Қызмет бағасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады.

7.2. Қызмет төмендегі түрлер бойынша: музыкалық, хореографиялық, бейнелеу өнері, баланы ерте дамыту, эстетикалық, дизайн, тілдерді үйрету, басқа бағыттар.

7.3. Кәсіпорын ақылы төмендегі қызметтерді көрсетеді:

7.3.1. қосымша білім беретін педагогтардың кәсіптік деңгейін көтеру, тағылымдама, семинар, кеңес өткізу.

7.3.2. балалар мен жасөспірімдердің мәдени – бос уақытын тиімді пайдалану қызметін ұйымдастыру;

7.3.3. жазғы сауықтыру демалысын ұйымдастыру;

7.3.4. қалалық іс – шаралар ұйымдастыру: байқаулар, фестиваль, конкурстар, жарыстар;

7.3.5. Кәсіпорын педагогтары құрастырған авторлық білім беру бағдарламалары бойынша оқыту;

7.3.6. педагогтардың репетиторлық қызметі;

7.3.7. ересек тұрғындарға тігу және пішу, жөндеу – техникалық жұмыстары курстары және қызметтің басқа түрлерін ұйымдастыру.

7.4. Білім беру және басқа ақылы қызметтер келісім шартпен рәсімделеді. Ақылы үйірмелерге қабылдау ата – аналардың білім беру ұйымымен екі жақтың құқықтары мен міндеттері ескерілген ақылы негізде қызмет көрсету келісім шартына қол қойғанынан кейін жүзеге асырылады.

7.5. Кәсіпорын көрсететін қызмет, жұмыс, тауар құнын мемлекеттік басқару Органы бекітеді.

7.6. Осы қызметтерден түскен қаражатты бөлу тәртібін кәсіпорын өз бетімен анықтайды.

7.7. Білім беру – тәрбиелеу үрдісін қамтамасыз ету үшін жұмсалатын қаржы жетпеген жағдайда Құрылтайшыдан көмек сұрауы қарастырылады.

### **Бап 8. Қаржылық – шаруашылық қызметі**

8.1. Кәсіпорын қызметі Жарғыда көрсетілген және мемлекеттік басқару Органы арқылы кәсіпорынға жеткен мемлекеттік сұраныстарға сәйкес оның мақсатымен және міндеттерімен айқындалады.

8.2. Кәсіпорын қызметі мемлекеттік басқару Органы бекіткен смета бойынша мемлекеттік тапсырыс бөлінуімен өз кірісі есебінен қаржыландырылады.

8.3. Кәсіпорын еңбек ақы төлеу қоры мөлшерін жыл сайын мемлекеттік басқару Органы белгілейді.

8.4. Кәсіпорын қызметкерлерінің еңбек ақысын төлеу жүйесін Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілейді.

8.5. Кәсіпорын мүлкі кәсіпорын активін құрайды және олардың құны Кәсіпорын балансында көрініс табады. Кәсіпорын мүлкі (үлес, пай) бойынша бөлінбейді және кәсіпорын қызметкерлері арасында бөліске түспейді.

8.6. Кәсіпорын мүлкі құралады:

- 1) меншік иесі берген мүлік;
- 2) өз қызметі нәтижесінде алынған мүлік (ақшалай кірісті қосқанда);
- 3) заңнамаға қарсы келмейтін басқа кіріс көздері.

8.7. Кәсіпорынның негізгі мүлкі болып есептелетін мүлкін сатуға немесе сыйға тартуға құқығы жоқ.

8.8. Кәсіпорын өзіне бекітілген және өз қызметі нәтижесінде алынған мүлікті пайдалануға және иелігінен шығаруға тек Уәкілетті органның жазбаша келісімі арқылы құқылы.

8.9. Кәсіпорын шығарған өнімін өз бетінше жүзеге асырады.

8.10. Мемлекет тапсырысы бойынша Кәсіпорын шығарған немесе жүзеге асырған тауарлар (жұмыс, қызмет) бағасын Кәсіпорын мемлекеттік басқару Органы келісімімен белгілейді.

Мемлекет тапсырысынан тыс кәсіпорын шығарған немесе жүзеге асырған тауарлар (жұмыс, қызмет) бағасын Кәсіпорын өзі белгілейді.

8.11. Кәсіпорынның қосымша кіріс көзі болып:

- 1) ақылы білім беру қызметінің төлемақысы;
- 2) мемлекеттік стандарттан тас білім беру қызметі төлемақысы;
- 3) Кәсіпорын кәсібі бойынша қосымша көрсетілген қызмет пен жасалған жұмыстар кірісі;
- 4) педагог қызметкерлер мен білім алушылардың жасаған өнімдері мен бұйымдарын жүзеге асырудан сонымен қатар рұқсат етілген өз бетінше қызметтен түскен кіріс;
- 5) мектептен тыс мекемелердің педагогикалық кадрларының біліктілік санатын көтеруге жасалынған қызметтері үшін министрліктен, кәсіпорын, мекеме, қоғамдық ұйымдардан түскен кіріс;
- 6) ерікті қайырымдылықпен сыйға тартулар және мемлекеттік, кооперативтік және басқа да қоғамдық ұйымдар, кәсіпорындар, мекемелер, жеке тұрғандар берген материалдық құндылықтар;
- 7) басқа да кірістер.

8.12. Білім беру қызметінен түскен кіріс төмендегідей бөлінеді:

- 1) еңбек ақы;
- 2) салықтар, қоғамдық аударымдар;
- 3) ғимараттың, ғимарат жанындағы аумақтың, баудың ағымдағы жөндеу жұмыстарына;
- 4) банк қызметтеріне;
- 5) ағымдағы шығыстар;
- 6) негізгі қажеттіліктерді сатып алу;
- 7) Интернет және байланыс қызметі;
- 8) Ұжымдық шарт, басқа жергілікті актілерге сәйкес ынталандыру төлемдері, үстемелер, сыйлықақы;
- 9) коммуналдық қызметтер (электр, жылу, су, су және кәріз жүргізу жүйелерін техникалық күту) және басқа да Кәсіпорын ғимаратын ұстауға шығындары.

8.13. Үйірме, бірлестіктер ашқан кезде ата – аналардың келісімімен ҚР-ның білім беру аясындағы орталық атқару органы белгілеген шамадан тәрбиеленушілердің санын азайта, белгіленген шамадан сағат санын көбейте алады және мемлекеттік басқару Органы ата – аналар төлемінің пайыздық қатынасына қарай педагогикалық еңбекке қаражат сомасын белгілейді.

8.14. Қарауындағы ақшаға Кәсіпорын өз міндеттемесіне сәйкес жауапты. Кәсіпорынның қалған мүлкін Кәсіпорынның тарап кетуінен басқа жағдайда өндіріп алуға болмайды.

8.15. Кәсіпорын Меншік иесі мүлкіне міндеттеме бойынша жауапты емес.

8.16. Кәсіпорын ақшасы жетпегенде оның міндеттемелері бойынша біріккен жауапкершілікті Ақтөбе қаласы әкімшілігі алады, Кәсіпорынның келісім шартпен келісілген міндеттемелерінен басқа.

## **Бап 9 . Ұйымды басқару.**

9.1. Кәсіпорынды тікелей басқаруды мемлекеттік басқару Органы тағайындаған директор жүзеге асырады.

9.2. Кәсіпорын директоры Уәкілетті орган (Меншік иесі) мен мемлекеттік басқару Органы алдында Кәсіпорынның жұмыс жағдайына жауапты.

9.3. Кәсіпорын директоры Жарғыда белгілеген құзыреттілігіне сәйкес дара басшылық принципімен әрекет етеді және Кәсіпорын қызметі барысында туындаған сұрақтарды өз бетінше шешеді.

9.4. Кәсіпорын директоры Кәсіпорын атынан сенімхатсыз әрекет ете алады, барлық органдарда оның мүддесін көрсете алады, ҚР-ның «Мүлік туралы» Заңы белгілеген мөлшерде кәсіпорын мүлкін пайдалана алады, келісім шартқа отырады, сенімхат береді, банк есеп шоттарын ашады және басқа да

әрекет ете алады, бұйрықтар шығарып, барлық қызметкерлерге бірдей талаптар қояды.

9.5. Өз құзыреттілігіне қарай және еңбек туралы заңнамаға сәйкес директор Кәсіпорын қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды, еңбек шартын бұзады, мадақтау шараларын жүргізіп, жазаға тарта алады.

Директор өз орынбасарын және Кәсіпорын есепшісін тағайындайды және қызметінен босатады.

9.6. Алқалы басқару түрлеріне Кеңес, Жалпы жиналыс, Педагогикалық кеңес және т.б. жатады. Олардың қызметі өздеріне сәйкес ережелермен анықталады.

9.7. Кәсіпорынның жоғарғы органы болып Педагогикалық кеңес есептеледі. Педагогикалық кеңеске Кәсіпорынның барлық педагогтары жатады.

Педагогикалық кеңес мектептен тыс ұйымның педагогикалық ұжымын оқу, тәрбиелеу, бұқаралық басқару және нұсқаулық – әдістемелік жұмыс деңгейін көтеруді жеделдетеді, алдыңғы қатарлы және педагогикалық ғылым жетістіктері тәжірибесін, білім беру мен тәрбиелеудің тиімді әдістерін енгізуге белсене қатысады.

Педагогикалық кеңестің өкілеттілігі:

- Кәсіпорын қызметінің мазмұнын қарастырады, жоспарларды, бөлімдердің, секция, үйірме, топтардың оқыту, тәрбиелеу, бұқаралық ұйымдастыру, нұсқаулық – әдістемелік жұмыстарын, маңызды сұрақтарын және қорытындыларын, санитарлық-гигиеналық жағдайын, қауіпсіздік техникасымен қамтамасыз етуді, білім алушылардың денсаулығын қорғауды талқылайды;
- Кәсіпорынның болашаққа жоспарын құрастыруға, қызығушылығына қарай жаңа үйірмелер, секциялар, басқа да бірлестіктер, сонымен қатар білім беру мектептерінде оның қызметін жақсарту бойынша ұсыныстар ұсынады;
- педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз ететін, педагогикалық жаңашылдықты, шығармашылық ізденісті, қызметкерлердің өзіндік білім алуын ынталандыратын шараларды анықтайды;
- ұжымдарды, секцияларды, бірлестіктерді немесе жеке белсенді білім алушыны марапаттауға, сонымен қатар тәртіпсіз балалар мен жасөспірімдерге ықпал теу;
- педагогикалық қызметкерлерді сыйақымен, мадақтамамен марапаттауға, атақтар тағайындауға, өз қызметінің нәтижесі бойынша құрмет грамоталарымен және төсбелгілермен марапаттауға ұсынуға;

- I, II топтағы мүгедек балаларға, бала кезден мүгедек балаларға, мүгедектердің балаларына, жетім балаларға, ата – ана қамқорлығынсыз қалған балаларға, көп балалы отбасы балаларына оқу ақысын төлеуде жеңілдіктер көрсетуге.

9.8. Педагогикалық кеңес шешімі кеңеске қатысушылардың үштен екі бөлігінің көпшілік даусымен қабылданады. Дауыс берушілер саны тең болған жағдайда Педагогикалық кеңес төрағасының (директордың) дауысы шешуші болып табылады.

Педагогикалық кеңестің өкілеттілігімен және қолданыстағы заңнамаға сәйкес қабылданған шешімдерін Кәсіпорынның барлық қызметкерлері орындауға міндетті.

Кәсіпорын директоры Педагогикалық кеңестің шешімімен келіспеген жағдайда шешім шығаруды кейінге қалдырып, мемлекеттік басқару Органын құлағдар етеді.

#### **Бап 10. Қызметкердердің еңбекақыларын төлеу және олардың құқықтары мен міндеттері**

10.1. Білім беру мекемесі ҚР-ның заңнамасына сәйкес оқыту – тәрбиелеу үрдісін, кадрларды қабылдау және орналастыру, ғылыми, қаржылық – шаруашылық қызметін өз бетінше жүзеге асыра алады.

10.2. Қызметкерлердің жалақысы мен қызметтің айлығы оладың біліктілік санаттарына, функционалдық міндеттеріне сәйкес белгіленеді.

10.3. Кәсіпорын Кәсіпорынның ұжымдық шарты және басқа да жергілікті актілер негізінде еңбекақы төлеуге қарастырылған қаражаттан, сонымен қатар өз бетінде (арнайы шот) тапқан кірістен өз бетінше қызметкерлерді ынталандыру мақсатында сыйақы, үстеме төлем, қосымша ақының мөлшерін анықтай алады.

10.4. Кәсіпорын педагогикалық және басқа қызметкерлерінің құқықтары:

- кәсіби қызметі үшін қолайлы жағдай туғызуға;
- кәсіпорынды басқару органының жұмысына араласуға;
- біліктілігін арттыру және қызметтік өсу мақсатында мерзімінен бұрын аттестаттаудан өтуге;
- ҚР-ның Еңбек кодексіне, «Білім туралы» Заңына, жергілікті актілерге сәйкес демалысы (отпуск) төленуге;
- педагогикалық қызметіндегі жетістіктері үшін материалдық және моральдік марапатқа, медальдар, ордендер алуға;
- ҚР-ның қолданыстағы заңнамасында, жергілікті актілер мен еңбек келісім шартында белгіленген басқа да міндеттер.

10.5. Кәсіпорынның педагогикалық және басқа қызметкерлерінің міндеттері:

- тәрбиеленушілердің жеке және шығармашылық қабілеттерін табу және дамытуға көмектесу;
- жалпыадамдық адами әдеп нормаларын сақтау;
- басқа адамның абыройын құрметтеу;
- өзінің кәсіби біліктілігін арттыру;
- ҚР-ның қолданыстағы заңнамасында, жергілікті актілер мен еңбек келісім шартында белгіленген басқа да міндеттер.

### **Бап 11. Кәсіпорын мен Құрылтайшының, Кәсіпорын мен мемлекеттік басқару Органының, әкімшілік пен еңбек ұжымының арасындағы қарым – қатынас**

11.1. Кәсіпорын мен Құрылтайшының арасындағы қарым – қатынас бекітілген ҚР-ның заңнамасының аясында Құрылтайшыдан мүлік алған және басқаруды жүзеге асырып отырған қазыналық кәсіпорынның мүліктік құқығын шұғыл басқарудан тұрады.

11.2. Кәсіпорын Мемлекеттік басқару Органының басшылығымен «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (04.12.2015 ж өзгертулер мен толықтырулар) сәйкес қосымша білім берудің шығармашылық қызметінің барлық түрлерін жүзеге асырады.

11.3. Кәсіпорын әкімшілігі мен еңбек ұжымы қосымша білім беру қызметінің барлық түрлерін жүзеге асыруға бірлесіп күш салады, соның ішінде: жұмыс жоспарын, сабақ кестесі құрастырады және шығармашылық ұжымның өнер көрсетуін қарастырады.

Қала мектептерінмен бірге шығармашылық іс – шаралар, кештер өткізеді, Кәсіпорын тәрбиеленушілерін қала және облыстың әр түрлі іс – шараларына қатысуға дайындайды.

### **Бап 12 . Халықаралық қызмет.**

12.1. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасы және халықаралық келісім шарттар, келісім мен конвенция негізінде білім алушыларды халықаралық көрмелерге, конкурстарға, жобалар, фестиваль, шебер – сыныптарға, презентацияларға, плэнерлерге және т.б. тарту бойынша жұмысты жүзеге асырады.

### **Бап 13. Қорытынды ереже.**

13.1.Кәсіпорынды қайта құру және таратуды Құрылтайшы (жергілікті атқарушы орган) жүзеге асырады.

13.2. Несие беруші талаптарын қанағаттандырудан қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін жергілікті атқарушы орган қайтадан бөледі. Несие беруші талаптарын қанағаттандырудан қалған таратылған Кәсіпорынның қаражаты , оның мүлкін жүзеге асыру нәтижесінде түскен қаражатты қоса, бюджет кірісіне қосылады.

13.3. Құрылтайшы білім берудің жүрісіне және мерзіміне әсер ететін шешім шығарған болса, білім алушылардың оқу жылын аяқтауына жауапты. Бұл жағдайда білім алушылар оқуын жалғастыру үшін басқа білім беру ұйымдарына ауыстырыла алады.

МҚКК «Балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы  
Орталығының» директоры



А.Нигматуллина

Статья 1. Общие положения

УТВЕРЖДЕНО  
Постановлением  
Акимата Актюбинской  
области  
11. 12. 2020 г. № 448

**УСТАВ**

**Государственного казенного коммунального предприятия  
«Центр детского и юношеского творчества»  
при Государственном учреждении  
«Отдел образования города Актюбе»**

г. Актюбе  
2020 год

## Статья 1. Общие положения

- 1.1. Государственное казенное коммунальное предприятие «Центр детского и юношеского творчества» при государственном учреждении «Отдел образования города Актобе» является внешкольной организацией дополнительного образования, реализующей образовательные программы дополнительного образования обучающихся и воспитанников (подп. 38-3 ст. 1 Закона Республики Казахстан от 27.07.2007 г. № 319-III «Об образовании»), внесено в перечень государственных предприятий и является составной частью единой системы образования.
- 1.2. Устав разработан в соответствии с Гражданским кодексом Республики Казахстан от 27.12.94 г. (с изменениями и дополнениями по состоянию на 13.02.2009 г.), Законом РК «Об образовании» от 27.07.2007 г. № 319-III (с изменениями и дополнениями по состоянию на 04.12.2015 г.), Законом РК «О государственном имуществе» от 01.03.2011 г. № 413-IV, Трудовым Кодексом Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года №414 – V, Законом РК «О статусе педагога» от 27.12.2019 г. №293 – VI, Типовыми правилами деятельности видов организаций дополнительного образования для детей, утвержденными приказом Министра образования и науки РК от 30.10.2018 г. № 595, Правилами оказания государственной услуги «Прием документов и зачисление в организации дополнительного образования для детей по предоставлению им дополнительного образования» от 22 мая 2020 года № 219 и другими действующими постановлениями Правительства РК, указами, распоряжениями и приказами центральных исполнительных органов Республики Казахстан в области образования, местных исполнительных органов и местных органов управления образования.
- 1.3. Местонахождение государственного казенного коммунального предприятия «Центр детского и юношеского творчества» при государственном учреждении «Отдел образования города Актобе» (далее по тексту именуемого – «Предприятие»): 030006, Республика Казахстан, Актюбинская область, город Актобе, район Алматы, улица И.Алтынсарина, дом 24.
- 1.4. Полное наименование Предприятия на государственном языке – «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жанындағы «Балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығы» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорыны;
- сокращенное наименование Предприятия на государственном языке – МКҚК «Балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығы».
- Полное наименование Предприятия на русском языке - государственное казенное коммунальное предприятие «Центр детского и юношеского

творчества» при государственном учреждении «Отдел образования города Актобе»

сокращенное наименование Предприятия на русском языке – ГККП «Центр детского и юношеского творчества» при ГУ «Отдел образования города Актобе».

